

Кімге: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына

Кімнен: Қаратерең ауылдық округінің әкімі Маханов Берікбол Кешубайұлы

Орындау күні: 24.10.2024

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Қаратерең ауылдық округінде кәсіпкерлікті дамыту

Кілт сөздер: Ауылдарды дамытудың 2023-2027 жылдардағы бағдарламасы,оның ішінде Қаратерең ауылдық округінде кәсіпкерлікті дамыту жолдары.

Кіріспе сөздер:

Қазақстан Республикасы үкіметінің басты мақсаттарының бірі — шағын және орта кәсіпкерлікті ел экономикасының басты драйверіне айналдыру. Дегенмен, қазіргі таңда, статистикалық мәліметтерге сәйкес, қазақстандық шағын және орта кәсіпкерлік көрсеткіші жалпы ішкі өнімнің үштен біріне әрең дегенде жетеді. Аталған бағыттағы жұмысты жалғастырып, алдағы шағын және орта кәсіпкерлікке жұмсалатын мемлекеттік қолдау шараларын тиімді ету мақсатында бірнеше халықаралық тәжірибені зерттеп қараған жөн. «Қазақстан — 2050» стратегиясындағы міндеттерге қол жеткізу мақсатында қазіргі таңда Қазақстан Республикасы аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша бірнеше мемлекеттік бағдарламалар және ұлттық жобалар іске асырылуда. Олардың қатарында: «Бизнестің жол картасы — 2025» («Қарапайым заттар экономикасы» ішкі бағдарламасы), «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы, «2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы». 2021 жылдың тамыз айында өткен Үкімет отырысында Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиев бүкіл әлемді жаулаған пандемия жағдайында кәсіпкерлер үшін жалғасып жатқан шектеулер кезінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау өзектілігі жоғарылап жатқанын жеткізген. Сол себепті, 2021 жылы Ұлттық банктің айналым капиталын толықтыруға жеңілдікпен кредит беру бағдарламалары, сондай-ақ жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлікті жеңілдікпен кредиттеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Бизнестің жол картасы — 2025» («Қарапайым заттар экономикасы» ішкі бағдарламасы) мемлекеттік бағдарламасы

аясында кәсіпкерлік субъектілеріне төмен пайыздық несиелер арқылы қолдау шаралары сонымен қатар, «Бизнестің жол картасы — 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында инфрақұрылым тарту бойынша шаралар қарастырылған. Кредиттер бойынша жылдық мөлшерлеме 6 %-ды құрайды. Және де, айналым капиталын толықтыруды қаржыландыру біршамаға кеңейтіліп, кредиттер сомасы көбейген. Микро және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолжетімді микрокредит беру іске қосылған.

Бұл аналитикалық жазба қазіргі уақытта маңызды әрі өзекті мәселе **ауылдық өңірлерде, оның ішінде Қаратерек ауылдық округінде кәсіпкерлікті дамытуға арналған**. Мұның өзі көптеген экономикалық мәселелерді жаңа қырынан зерттеуді талап етеді. Бұл экономикалық міндеттердің қатарына ауылдық округте экономиканың өсуін қамтамасыз етудің жаңа бағыттарын қалыптастыру, кәсіпкерлікке қолдау білдіру, нарықтық қағидалар негізінде экономикалық өзара қатынастарды дамыту, кәсіпорындардың бәсеке қабілеттілігінің артуына жағдай жасайтын кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің іс белсенділігін арттыру және қалыптастыру жөніндегі шаралар жатады. Аналитикалық жазбада осы мәселелер жан-жақты зерттелген.

Негізгі бөлім

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті дамыту бағытында қажетті жағдайлар жасалуда.

Елімізде барлық кәсіпкерлік қызметтер Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексімен регламенттеледі. Кодекстің 16-бабына сәйкес кәсіпкерлік қызметті ынталандыру және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз ету жүзеге асырылады.


Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауының 2-тармағында кәсіпкерлікті – экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау көрсетілген.

Бұл ретте халық саны 1820 адамды құрайтын Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты Қаратерек ауылдық округінде кәсіпкерлікті дамыту біршама жолға қойылған.

Қазіргі таңда Қазақстанда жүргізілетін экономикалық реформалардың басты бағыттарының бірі шағын және орта бизнесті қалыптастыру және дамыту болып табылады. Қоғам шағын бизнестің нарықтық механизмнің

негізгі шарттарының бірі екендігін және қазіргі нарықтық жүйенің құрамдас бөлігі болып табылатындығын біледі.

Қаратерең ауылдық округіндегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне тоқталатын болсақ, ағымдағы жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша тіркелген шағын және орта субъектілердің саны 75-ті құрады. Бұл көрсеткіш алдыңғы айлармен салыстырғанда азайған.



Қаратерең ауылдық округіндегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің көрсеткіші

Ауылдық округтегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің даму көрсеткіштеріне қарайтын болсақ, 2023 жылғы және 2024 жылғы алдыңғы айлармен салыстырғанда 20-дан аса субъектіге кемігенін көруге болады.

Қаратерең ауылдық округіндегі кәсіпкерлікті дамытудың қазіргі жағдайын саралайтын болсақ, негізгі кәсіпкерлік бағыттары ретінде мал шаруашылығы, балық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы және туризм дамыған.

Мал шаруашылығымен 285 шаруа қожалығы айналысады. Мұнда мүйізді ірі қара, қой, ешкі, жылқы, түйе, құс өсіріледі.

Балық шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлік түрі жолға қойылған.

Ауылда жергілікті тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ететін 8-9 шағын дүкендер жұмыс жасайды.

Өңірде белгілі бір кәсіпкерлік салалар жолға қойылғанмен, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытында басқа да кәсіпкерлік түрлерін дамыту аясында бірқатар өзекті мәселелер туындайды.

Нақтырақ айтқанда, **біріншіден** ауылдық округте мал шаруашылығы дамуда, бірақ мал өнімдерін өндіретін цех, өндіріс мүлдем жоқтың қасы. Мәселен, түйе сүтінің өнімдерін қабылдайтын цехтарды іске қосу, мал терілерінен өнімдер шығару кәсібін дамытуға болады. Демек өндірістік шаруашылық дамымаған.

Екіншіден, ауылда қазіргі заманға сай жабдықталған супермаркеттің, сұлулық салонының, шаштараздың, балалар ойнайтын жабық ойын-сауықтыру кешендерінің болмауы да кәсіпкерлікті дамытудағы өзекті мәселе болып табылады.

Шағын және орта бизнесті дамыту, оны қаржыландыру көптеген маңызды мәселелерді шешеді: экономикалық белсенді халық үлесінің өсуіне, салыстырмалы түрде күрделі шығындар қажет етпейтін, әсіресе қызмет көрсету саласында жаңа жұмыс орындарын құруға, қызметкерлерді, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдерін жұмысқа орналастыруға, технологиялық, техникалық және ұйымдастырушылық жаңалықтарды әзірлеу және енгізуге, өндірушілердің монополиясын жоюға, бәсекелестік орта құруға мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар, материалдық, қаржылық және табиғи ресурстарды талап етілмеген жағдайда жұмылдыруға, оларды неғұрлым тиімді пайдалануға, экономиканың түрлі секторлары арасындағы өзара байланысты жақсартуға қол жеткіздіреді. Шағын кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін неғұрлым күрделі проблемалардың бірі субъектілердің басым бөлігінде меншікті инвестициялық және айналым қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаржы ресурстарының болмауы болып табылады. Банктер шағын кәсіпкерліктің кепіл қабілеттілігінің төмен болуына байланысты қарыздар бойынша пайыздық ставканы ұлғайту жолымен тәуекелдің құнын кредиттерге ауыстыруға мәжбүр.

Осыған байланысты **үшінші өзекті мәселе** ауылдық округте шағын және орта кәсіпкерлікті қалыптастыруда және дамытуда қаржыландырудағы қиындықтар болып отыр. Дәл осы кәсіпкерлікті қаржыландыру мәселесіне келгенде ауылдың жаңа кәсіп ашқысы келетін кәсіпкерлері кедергілерге ұшырауда.

Мәселен, қазіргі таңда жастардың мүмкіндіктерін кеңейтіп, оларды қолдау бағытында 1 миллион теңге грант берілуде. Сонымен қатар, кәсіпкерлер «Іскер» бағдарламасы арқылы 6 пайызбен жеңілдетілген несие ала алады. Қаржы 5 жылға беріледі. Қызылорда қаласының тұрғындарына 16 млн теңгеге дейін, қалаға қарасты ауылдық округтер мен аудан, ауыл азаматтары 5 млн теңгеге дейін ала алады. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2,5 пайыздық несиеге қол жеткізу мүмкіндігі бар. Бірақ бұл жобалардағы ең басты талап – кепіл мүлік, сондай-ақ міндетті түрде кепілгер, яғни гарант керек. Несие алатын азаматтың да, кепілгердің де несие тарихы мұқият тексеріледі.

Ал кәсіп бастағысы келетін ауыл тұрғындары несие алғысы келгенімен, кепіл мүліктерінің бағасы сәйкес келмеуі салдарынан қажетті қаражатқа қол жеткізе алмайды. Бұған ауылдағы үйлердің бағасы қаламен салыстырғанда арзан және кепілге қоятын несие сомасынан төмен болуы себеп.

Аталған жағдайға байланысты бұған дейін ауылымыздың 20 тұрғыны кәсіп ашқысы келгенімен, қаржылық жағынан, яғни несие алудағы кедергілерге тап болып, жоспарланған кәсіп түрлерін ашу мүмкіндігіне қол жеткізе алмады.

Сонымен қатар, ауылдық округте кәсіпкерлікті дамытудағы **төртінші өзекті мәселенің бірі** - халықтың кәсіпкерлік бойынша білімдерін жетілдіру, білім деңгейін көтеру. Қазіргі таңда кәсіп ашқысы келетін адамдарға кәсіпкерлік бағытта білім берудің өте маңызды рөл атқаратын да ерекше атап өту керек. Бұл бағытта да ауылдағы жағдай өз шешімін табуын талап етеді.

Халықаралық тәжірибе.

Нарықты экономикаға бет бұрған елдер үшін АҚШ – тағы шағын бизнесті дамыту тәжірибесі үлкен маңызы бар. АҚШ-та тіркелген кәсіпорындардың 97%-ына жуығы шағын кәсіпорындар. Бұл шағын кәсіпорындар жалпы ұлттық өнімнің 53%-ына, бөлшек сауданың 72%-ына, қызмет саласының 57%-ына ие болып тұр. АҚШ-та шағын бизнес қоғамда кәсіпкерлік, бәсекелестік атмосферасын дамытуға үлкен үлес қосады. Мемлекет тарапынан болатын шектеулер кәсіпкерлікке кедергі келтіреді. Сондықтан АҚШ конгресі шағын бизнеске тікелей бақылау жасайды. Конгресс шағын бизнесті қолдау және дамыту мақсатында бірнеше программа жасайды. АҚШ-та шағын бизнесті қолдаудың мынадай

мемлекеттік жүйелері бар: бюджеттен тікелей дотациялау, мемлекеттік тапсырыстардың бір үлесін шағын кәсіпорындарда орналастыру, шағын **бизнеске несие беру кезінде мемлекеттік кепілді қолдану**, шағын бизнеске салықтық жеңілдіктер беру. АҚШ-та шағын бизнесті несиелендіру шағын бизнесті несиелендіру әкімшілігі арқылы жүзеге асырылады.

Сондай-ақ инкубаторлық бағдарлама аясында университеттер, компаниялар, федералдық органдар жаңа кәсіпкерлерге жан-жақты көмек көрсету болып табылады. Себебі көптеген кәсіпкерлер өз ісін бастығысы келгенімен мүмкіндігі жоқ, осындай кәсіпкерлерге инкубаторлар келеді.

Мемлекеттің экономикалық дамуының бәсеңдеуі, бізді дамуға жетелейтін жаңа күштерді іздеуге итермелейді. Егер ондаған жылдар бойы ел экономикасы ірі компанияларға тәуелді болып келсе, бүгінгі күні біз ол жағдайды өзгертіп, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуымыз керек. Әсіресе, экспортқа бағытталған кәсіпорындарға назар аударғанымыз жөн. Олар өз кезегінде тауарларын Қытай, Ресей, Иран сынды елдердің үлкен нарығына шығара алатын еді.

Шағын және орта кәсіпкерлік секторының да ішкі проблемалары баршылық. Мысалы, дамыған елдерде шағын және орта кәсіпкерліктің экспорттағы үлесі қазақстандық көрсеткіштерден он есе жоғары – 25 пен 50 пайыз арасында болып отыр. Бұл ел кәсіпкерлерінің айтарлықтай бөлігі сауда секторында екендігімен, ал өзге озық елдерде керісінше өндіруші болып отырғандығымен түсіндіріледі. Мәселен, Польшада шағын және орта кәсіпкерліктің 93% кәсіпорындары экспорттық қызметпен шұғылдануда.

Бүгінде Қазақстанда экспортты қолдаудың жалпыға мойындалған барлық мемлекеттік қолдау шаралары бар, олар түрлі мемлекеттік мекемелер арасында «шашырап кеткен». Бұл шаралардың келісілмеуіне, экспортты қолдау жөніндегі ұйымдардың арасында бірдей функциялар жүктеуге әкелуде. Органдар арасындағы осы түсініспеушіліктердің бәрінен кәсіпкерлеріміз жапа шегіп отыр.

Сондықтан, экспорттаушыларды қолдау жан-жақты тетік болып саналатындығын және түрлі құралдарды пайдалануды қажет ететінін ескере отырып, барлық шараны бірыңғай әрі жүйелі үдеріске байланыстыру қажет. Бұл үшін Экспортты ілгерілетудің ортақ стратегиясын әзірлеп, қандай компаниялардың экспортқа шығуға әлеуеті бар екенін

анықтаудан бастап, өзге елдерде түрлі көрмелер мен алаңдар ұйымдастыруға дейінгінің бәрін қамту керек.

Түпкі мақсат осы кәсіпорындарды табу және экспорттық нарықтарға ілгерілету болып табылады. Егер олар жеткіліксіз болса, онда олардың қатарын өсіру үшін қалыптасу кезеңінде мемлекеттік тапсырысты ұзақмерзімді негізде (3 жылға келісімшарт) алуы үшін басымдықтар беруге дейінгі түрлі қолдауларды қамтамасыз еткен жөн.

Осыған байланысты экспортты қолдаудың барлық шарасын бір терезе қағидатындағы оператормен бірге шағын және орта кәсіпкерліктің экспортқа бағдарлануы мәселесіне шоғырландыра отырып, Экспортты ілгерілетудің жаңа стратегиясын әзірлеу ұсынылады.

Қорытынды

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» ретінде аналитикалық зерттеуді қорытындылайтын болсақ, елімізде нарықтық қатынастардың негізгі салаларының бірі болып табылатын кәсіпкерліктің аймақ өңірлерінде, әсіресе ауылдық округтерде әлі де шешімін таппаған күрмеуі көп мәселелердің бар екендігін көруге болады.

Соның айқын айғағы ретінде Қаратерең ауылдық округіндегі кәсіпкерлікті дамыту бағытын саралай отырып, кәсіпкерлік саласында өзекті мәселелердің қордаланып қалғанын көруге болады.

Сондай-ақ, шетелдік тәжірибеге де қарай отырып, республикамызда, оның ішінде ауылдық өңірлерде атқарылатын іс-шараның әлі көп екенін байқауға болады. Бұл орайда ауылдық округтерде тиісті кәсіпкерлікті ашу мәселесінде кәсіпкерлердің қаржы жағынан тығырыққа тірелуі елімізде кәсіпкерлікті қолдау бағытында қаржыландыру мәселесін шешу өте маңызды екендігін көрсетті.

Ұсынылған шешімдер

1. Қаратерең ауылдық округінде өндіріс шаруашылығына және шағын кәсіпкерліктің келесідей жаңа салаларын, оның ішінде:

- түйе сүтінің өнімдерін қабылдайтын цехтарды;
- мал терілерінен өнімдер шығару өндірісін;
- ауыл халқының тұрмыс тіршілігіне қажетті қазіргі заманға сай жабдықталған супермаркет, сұлулық салоны, шаштараз, балалар ойнайтын жабық ойын-сауықтыру кешендерін іске қосу және дамыту қажет.

2. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, кәсіпкерлікті дамыту мақсатында ауылдық округтің жаңа кәсіп саласын ашқысы келетін

кәсіпкерлерде туындап отырған кәсібін қаржыландыру мәселесін тиімді шешу үшін шағын және орта кәсіпкерлікке несие беру кезінде мемлекеттік кепілді қолдану тәжірибесін қолданысқа енгізу қажет.

3. Жаңа кәсіп бастағысы келетін кәсіпкерлердің білімін жетілдіру мақсатында жан-жақты көмек көрсететін арнайы инкубаторлық бағдарлама әзірлеу қажет.

Күтілетін нәтиже

1. Қаратерең ауылдық округінің кәсіпкерлік саласын дамыту және қолдау бағытында кәсіпкерлікке несие беру кезінде мемлекеттік кепілді қолдану тәжірибесін жүзеге асыру нәтижесінде ауылдық округ кәсіпкерлерінің несие алудағы қиындықтары шешіледі.

2. Кәсіпкерлікті қаржыландыруда кәсіп иелерінің несие алу мәселесі шешілген жағдайда ауылдық округте шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны артады.

3. Қаратерең ауылдық округінде жаңа кәсіп түрлерін дамытуда оң өзгерістер болып, өңірде жаңа өндіріс шаруашылықтары, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне қажетті шағын және орта кәсіп түрлері іске қосылады;

4. Кәсіпкердің білім алу мәселесін шешу нәтижесінде Қаратерең ауылдық округінде тәуекелдерді өз мойнына алуға, жаңа нарықтарды игеруге, инновациялар ендіруге дайын қуатты кәсіпкерлер табы қалыптасады;

5. Ауыл-халықтың әл-ауқаты жақсартып, ауылда жұмыссыздық мәселесі шешіліп, тұрғындар жұмыспен қамтылады;

6. Қаратерең ауылдық округі экономикасы дамыған, бәсеке қабілетті өңірге айналады.

Пайдаланылған дереккөздер/әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректері «Stat. Gov.kz»

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексі.

3. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының есептері.

4. Ауылды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

5. Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.